

**«6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған Конырова Айжан Мауленовнаның
«XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың бірінші
жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын
орыстандыру саясаты: тарихи- салыстырмалы талдау» деп аталатын
диссертациясына Отандық ғылыми кеңесшісінің**

ПІКІРІ

«XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи-салыстырмалы талдау» деп аталатын Конырова Айжан Мауленовнаның диссертациялық жұмысы XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың I жартысындағы патшалық Ресей мен кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясатын негіздеу және мәселеге тарихи-салыстырмалы талдау жасауға бағытталады.

Адамзат тарихы үлкен кеңістікте және алуан түрлі жағдайларда қалыптасты. Олардың бірі күшті империяларға айналса, енді бірі тез құлдырап, құрдымға кетті. Алғашқы мемлекеттер шекараларына жақын аймақтарды бағындырып, адам ресурсы мен сол елдің байлығын пайдаланды. Бұл отарлаушылар мен отарланушылар тарихын қалыптастырды. Тарихтағы ірі отарлаушылар қатарынан Ресей империясы да сырт қалмады. Патша өкіметінің отаршылдық саясаты кеңестік тарихнамада үнсіздік жағдайында орын алды. Себебі, қазақ елін орыстандыру, оны өз мемлекеттілігін қалпына келтіру ниетінен айыру және ұлттық бостандыққа ұмтылыстарын басу патша мен кеңес өкіметі саясаттарының ортақ мақсаты болды. Нәтижесінде Қазақстан үш ғасырға жуық уақыт Ресейдің отары болды. XIX ғасырдың екінші жартысында толығымен отарлық езгіге түскен еліміз мәдени және рухани құндылықтар тұрғысынан аса ауыр сынға түсті. Себебі Патшалық Ресей тарапынан жүрген рухан-мәдени отарлау халық санасына ішкерілей еніп, тілі мен дінінен ажыратуға үлкен күш жұмсады және мақсатты ойына біртіндеп қол жеткізді. Ал, кейінгі кеңестік орыстандыру саясаты тұсында қазақтың рухани-мәдени құндылықтары еуроцентризм тұжырымдамасымен түсіндіріліп, соның негізінде руссоцентризм ұғымы пайда болды. Ондағы басты түсінік, әлемдегі барлық жаңашылдық пен жетістіктер тек орыс халқының басымдылығымен түсіндірілсе, керісінше Ұлы Дала төсінде өрбіген көшпелі және отырықшы өркениет жетістіктері жоққа шығарылып, «жабайылық», «мәдениетсіз», «сауатсыз» сынды ұғымдармен алмастырылып келді. Міне осы кезеңде Патшалық Ресей мен Кеңестік билік тұсындағы орыстандыру саясатының жүргізілуі мен оның зардаптарына жаңаша баға беру диссертанттың зерттеу жұмысында архив құжаттары мәліметтері арқылы талдауға алынған.

Айжан Мауленовнаның диссертациялық жұмысында тақырыптың теориялық-методологиялық негізін талдаған. Орыстандыру саясатына қатысты жазылған еңбектерді жинақтай отырып, қазіргі «жаңа империялық тарих» түсінігімен байланысты отар-метрополия, отар мен метрополия

арасындағы қарым-қатынас мәселесіне қатысты еңбектерді топтастырып, оған баға беру, кеңес үкіметіне дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихнамалық әдебиеттеріне шолу жасай отырып, олардың орыстандыру мәселесіне қатысты тұстарын негіздеу; қазіргі таңдағы жаңа тарихнамалық көзқарастарға тоқталу, талдау жасау арқылы, зерттеу жұмысының қаншалықты өзекті болатынын анықтаған.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері айқындалып, тақырыптың өзектілігі неізделген. Зерттеу пәні, оның хронологиялық мерзімі, қолданылатын әдіс-тәсілдері мен басты жаңалықтары айқындалған.

Диссертант тақырыпты негіздеуде әлемдік ғылымда кеңінен таралған постколониялық теорияға (postcolonial theory) жүгіне отырып, мұндағы постколониялық зерттеудің негізгі мақсаты біреуге кінә тағу мен есеп алысуға дәлел келтіру емес, оның орнына ізденушілердің арасында тиесілі түрде пікір алмасу. Бұл бір кездері тарихнамада үстемдік құрған біржақты тәсілдерден бас тартуға және бұрынғы отарлаушы мен ғасырлар бойы отарлаушының қыспағында болғандардың арасындағы қатынастардағы қайшылықтардан арылуға бағытталған қадам. Осы орайда әлемдік отарлау мен отарланушылардың тарихына қатысты даулы мәселелер қатары көптеп кездеседі. Қазіргі таңдағы ресейлік тарихнамада да бұл процесс дау туғызып, отарлау саясатының салдары «жаңа империялық тарих» тұрғысынан бағаланып жүргендігін атап көрсету керек. Яғни, Ресей империясы өзі бағындырған немесе отарланған аймақтарға жүргізген саясатын тек прогресшіл бағытта немесе ірі империяның шағын мемлекетті қорғауы, ал оқу-ағарту саласындағы орыстандыру саясатын рухани тұрғыдан дамыту сынды мазмұнда түсіндіруге тырысуда. Сол себепті де осы жаңа методологиялық ұстанымдарға тиісті жауап алу үшін зерттеу жұмысында жүйелілік парадигмасы негізге алынды.

Сонымен қатар, диссертант ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес диссертацияның мазмұны мен алынған нәтижелері, қорытындылары бойынша ҚР ҒЖБМ БҒСБК бекіткен ғылыми журналында 6 мақала, және халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда 2 мақала жарық көрді. Ғылыми жетекшінің ескертулері мен ұсыныстарын толық қабылдап, дер кезінде түзетулер енгізіп отырды.

Қорыта келе: «6D020300 –Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Конырова Айжан Мауленовнаның «XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың бірінші жартысындағы ресейлік және кеңестік биліктің қазақ қоғамын орыстандыру саясаты: тарихи- салыстырмалы талдау» деп аталатын диссертациясын қорғауға жіберуді қолдаймын.

**Отандық ғылыми кеңесшісі,
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университеті**

**Қазақстан тарихы кафедрасының
профессоры,**

тарих ғылымдарының кандидаты



Ф.А. Қозыбақова